

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2025 ЖЫЛҒЫ « <u>17</u> » <u>12</u> №2 редакция	Е 029-03-04.02.2.03-2025

«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ
Этикалық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

Е 029-03-04.02.2.03-2025

Алматы 2025

АЛҒЫСӨЗ


1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ:**

Докторантура және ҒЗЖ
ұйымдастыру бөлімінің бастығы
«26» 11 2025 ж.

М. Хведелидзе

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі — ғылым және
корпоративтік даму жөніндегі проректор
«08» 12 2025 ж.



Е. Көлдеев

Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім
департамент директоры
«09» 12 2025 ж.

Ж. Жұмаділова

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
«04» 12 2025 ж.

Т. Абуkenов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы
«26» 11 2025 ж.

А. Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы
«26» 11 2025 ж.

Ж. Оракбаева

3 Басқарманың 2025 жылғы «17» 12 №18 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**
4 _____ жылғы « _____ » ақпанындағы № _____ редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Миссия	5
3	Комиссия құрамы	5
4	Комиссияның қызметі	5
5	Қорытынды алу тәртібі	5
6	Комиссияның қызметін ұйымдастыру	6
7	Өкілеттіктер	7
8	Қосымшалар	8
9	Өзгерістерді тіркеу парағы	10

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Этикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) туралы ереже келесідей нормативтік құқықтық құжаттар аясында әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген "Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 09 наурыздағы №98 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 2020 жылғы 02 желтоқсандағы «Академиялық саясаты» және «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ 2018 жылғы 27 желтоқсандағы «Академиялық адалдық кодексі»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 05 мамырдағы бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен.

1.2 Осы Ережеде және қосымшаларда келесідей ұғымдар пайдаланылады:

Өтініш – ғылыми зерттеу докторантының жетекшілік ететін проректорға диссертациялық зерттеуді қарау және қорытынды беру туралы өтініші.

Комиссияның оң қорытындысы - Комиссияның өтінішті мақұлдауы, ол болжамды зерттеудің этикалық нормаларға сәйкес орындалғанын ресми растау болып табылады.

Комиссияның теріс қорытындысы - Комиссияның өтінішті қабылдамауы, ол болжамды зерттеудің этикалық нормаларға сәйкес орындалмағанын ресми растау болып табылады.

2 Миссия

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы Этикалық комиссия Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті жанындағы тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Комиссияның мақсаты зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушының этикалық нормаларды сақтауын бақылау болып табылады.

3 Комиссия құрамы

Комиссия құрамы және ондағы өзгерістер жетекшілік ететін проректордың бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия құрамына келесі мүшелер кіреді:

- 1) Төраға;
- 2) Төрағаның орынбасары. Егер Төраға болмаса немесе зерттеуді орындаушымен мүдделер қақтығысы бары туралы мәлімдесе, Төрағаның орынбасары Төрағаның міндетін атқарады;
- 3) Институт директоры ұсынған әрбір институттың өкілі;
- 4) Хатшы.

4 Комиссияның қызметі

4.1 Комиссияның негізгі қызметі зерттеу субъектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы Комиссияның қорытындысын беру болып табылады.

4.2 Өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

5 Қорытынды алу тәртібі

5.1. Этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытындыны Комиссия зерттеу авторының жазбаша өтініші негізінде (осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) береді.

5.2. Комиссияның қорытындысын алу үшін зерттеу авторы pdf форматында келесі құжаттарды ұсынуы керек:

- өтініш;
- диссертация;
- аңдатпа;
- отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- диссертация орындалған кафедраның (құрылымдық бөлімшенің) кеңейтілген отырысының хаттамасы, қорғауға ұсыным беру туралы қаулымен;
- диссертацияны плагиатқа тексеру туралы ішкі анықтама;
- жарияланымдар тізімі.

6 Комиссия қызметін ұйымдастыру

6.1. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай (өтініштердің түсуіне қарай) оқу жылы ішінде офлайн немесе онлайн форматта өткізілуі тиіс. Докторанттың өтініші комиссия отырысында қаралады, бұдан әрі диссертациялық зерттеудің барлық материалдарын хатшы докторанттың жолдамасы бойынша сарапшыға жібереді. Сарапшы келесі отырысқа қорытынды дайындайды.

Келіп түскен материалдармен танысқаннан кейін Комиссия мүшелері отырыс барысында өздерінің пікірлерін айтады және диссертация бойынша шешімнің бір нұсқасына ашық дауыс береді:

-зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіне қатысты бұзушылықтар жоқ;

-диссертацияда зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіне қатысты бұзушылықтар бар.

Егер Комиссия құрамының жартысынан астам мүшелері қатысса, Комиссия отырысы заңды деп есептеледі.

6.3. Комиссия хатшысы айтылған түсініктемелер негізінде және дауыс беру нәтижелері бойынша этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды (осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) дайындайды, оған Комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды.

6.4. Комиссияның шешімдері отырысқа қатысушылардың санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Төрағаның

дауысы шешуші болып табылады. Егер диссертация авторының ғылыми кеңесшісі Комиссия мүшесі болып табылса, ол дауыс беруге қатыспайды.

6.5. Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының қорытындыларын, сондай-ақ олардың құжаттарды баспа немесе электрондық форматта дайындауға, есепке алуға және сақтауға жауапты болады.

6.6. Комиссия отырысының қорытындысын Диссертациялық кеңес, ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті сұрау салуы бойынша ұсынылуы мүмкін.

7 Өкілеттіктер

7.1. Комиссия:

- 1) докторанттардың барлық диссертациялық зерттеулерін қарастыруға;
- 2) оң немесе теріс қорытынды шығаруға;
- 3) зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушы этикалық нормаларды сақтамаған жағдайларда ғылыми зерттеулерді тоқтата тұруға құқылы.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
жанындағы Этикалық комиссия
туралы ережеге 1-қосымша

Нысан

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
проректоры _____

(базасында зерттеу жүргізілген кафедраның,
институттың атауы)

мамандық /БББ шифрі

докторанттың тегі, аты-жөні

Өтініш

Этикалық комиссияның отырысында диссертациялық зерттеу
материалдарын қарап, қорытынды беруіңізді сұраймын.

Диссертация тақырыбы: _____.

Диссертация _____
(мамандық шифрін немесе кадрларды даярлау бағытын көрсету)

мамандық/БББ бойынша орындалды.

Диссертация авторы (Тегі, аты-жөні)

_____ Қолы

«__» _____ 20__ ж.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
жанындағы Этикалық комиссия
туралы ережеге 2-қосымша

Нысан

Сәтбаев Университетінің Этикалық комиссиясының қорытындысы

1.	Докторанттың теі, аты-жөні	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы).	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – тегі, аты-жөні (бар болса), лауазымдары мен жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу субъектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі және әлауқатын қорғау (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ортасы) қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы

(қолы, тегі, аты-жөні)

Этикалық комиссияның хатшысы

(қолы, тегі, аты-жөні)

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]

